

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
**АКАДЕМИК**

№1, 266. 27.01.2025 г.

**“Международный научный журнал АКАДЕМИК”**



№ 1 (266), 2025 г.

ЯНВАРЬ, 2025 г.

Издаётся с июля 2020 года

Астана  
2025

**Содержание**

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ Жолдасов Ораз Жолдасұлы, Байсеитова Алия Темірханқызы .....	4
БҮЙРЕК ҮСТІ БЕЗІНІҢ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯСЫ Қанат Балым Қанатқызы, Абильмажинова Гузьяль Дуйсенбековна .....	8
ТРЕБОВАНИЯ К СОСТАВУ МЯСНЫХ ПРОДУКТОВ ДЛЯ ЛЕЧЕБНОГО ПИТАНИЯ Жубанов Д.Е., Тултабаев М.Ч. ....	13
USING DIGITAL ONLINE TOOLS TO IMPROVE GRAMMAR AND STRUCTURE IN ACADEMIC WRITING Amina Amantay, Orynbayeva U.K. ....	16
РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧЕРЕЗ ПРИМЕНЕНИЕ РАЗЛИЧНЫХ МЕТОДОВ И ПРИЁМОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ Никитина Наталья Ивановна .....	24
PRE-SERVICE ENGLISH TEACHERS` UNDERSTANDING OF INCLUSIVE EDUCATION: CASE OF ONE OF KAZAKHSTANI PRIVATE UNIVERSITY Tulanova Tomiris, Sugiralina Akbota, Proskuryakova Lyubov, Ibragim Sara, Gulzat Smadil .....	28
МАТЕМАТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ КЛАССИЧЕСКОЙ МЕХАНИКИ Т.Б. Коштыбаев, У.Б. Курбанғалиев, Н.М. Абдирасил, Ж.Е. Примкулова, Н.К. Мансурова .....	32
СҮТТІҢ БАКТЕРИЯЛЫҚ ЛАСТАНУЫН ЖӘНЕ СОМАТИКАЛЫҚ ЖАСУШАСЫН АНЫҚТАУ Рымхан Томирис Дәуренқызы, Мусабеков Арайлым Туменбайкизи, Мусабеков Айдос Туменбаевич, Алшынбаев Орынбасар Ақпанович .....	39
ВИДЫ И УРОВНИ ВЕРОЯТНОСТНОГО ПРОГНОЗИРОВАНИЯ В СИНХРОННОМ ПЕРЕВОДЕ Якунин Данил Сергеевич, Т. Шевякова .....	53
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТОДОВ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ КОРРОЗИИ В ТОПЛИВНЫХ БАКАХ СОВРЕМЕННЫХ САМОЛЕТОВ Мәди Б. Б., Тлеуова А.К. ....	57
РАЗРАБОТКА МЕРОПРИЯТИЙ ПО ЦЕЛЯМ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ НА ОСНОВЕ СТАНДАРТА ISO 20121 Нургожина Анар Есенқызы, Минжанова Гулдана Маратовна .....	61
ВЛИЯНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ УПРАЖНЕНИЙ НА ПСИХИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ СТУДЕНТОВ Бусаров Леонид Романович, Осинин Андрей Иванович .....	66
РОЛЬ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ КУРСАНТОВ К ВОЕННОЙ СЛУЖБЕ Зулпукаров Ришат Аршидинович .....	69
AI RECRUITMENT TOOLS USER EXPERIENCE: A COMPREHENSIVE EXPLORATION OF ADOPTION RATES AMONG RECRUITING SPECIALISTS AND CANDIDATES Anastasiia Kostjuk .....	72

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Жолдасов Ораз Жолдасұлы**

*Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы  
бастығының м.а., полиция полковнигі,  
Қазақстан, Астана қ.*

**Байсеитова Алия Темірханқызы**

*Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов ат.  
Алматы академиясының профессоры,  
з.ғ.д., қауымдастырылған профессор (доцент),  
полиция полковнигі,  
Қазақстан, Алматы қ.*

### АННОТАЦИЯ

Мақалада қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әкімшілік-құқықтық концепциясына қатысты маңызды теориялық және қолданбалы мәселелер қарастырылады. Авторлар Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін қолданыстағы әкімшілік заңнамасына талдау жүргізеді. Ерекше назар ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне аударылып, олар қоғамдық тәртіпті қорғаудың негізгі субъектісі ретінде қарастырылған. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметін жаңғырту аясында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, олардың өмірі мен денсаулығын қоғамдық қауіпсіздікке төнген заманауи қауіп-қатерлерден қорғау мәселелеріне жаңа концептуалды тәсілдерді іздестіру жөніндегі проблемалық мәселелер талданған.

Тірек сөздер: әкімшілік қызмет, қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, полиция, құқық қорғау қызметі.

Ұлттық қауіпсіздіктің қазіргі заманғы парадигмасы қауіпсіздіктің бірқатар дербес, белгілі бір салаларға бағытталған түрлерін қамтиды: қоғамдық, әскери, саяси, экономикалық, ақпараттық және экологиялық қауіпсіздік [1].

Заңнамаға жүргізілген талдаудың нәтижелері көрсеткендей, осы аталған қауіпсіздік түрлерінің әрқайсысы өзінің қорғау объектісіне ие, яғни бұл таңдалған критерий олардың жіктелуінің негізі болып табылады. Сонымен қатар, қауіпсіздік түрлері осы объектілердің қорғалуының жай-күйі арқылы анықталады. Мысалы, экономикалық қауіпсіздік – «ұлттық экономиканың қорғалуы», ақпараттық қауіпсіздік – «ақпараттық кеңістіктің қорғалуы» деген түсініктермен сипатталады [1].

Қоғамдық қауіпсіздіктің нормативті түрде бекітілген анықтамасы келесідей тұжырымдалған: «Қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» [1].

Бұл анықтамадан «қоғамдық қауіпсіздік» пен «қоғамның қауіпсіздігі» ұғымдарының бірдей еместігі айқын көрінеді, өйткені заң шығарушы қорғауға жататын объектілердің тізімінде тек әлеуметтік игіліктерді ғана емес, сонымен қатар азаматтардың өмірін, денсаулығын және әл-ауқатын да көрсеткен, тіпті аталған құндылықтар бірінші кезекте көрсетілген. Осылайша, «қоғамдық қауіпсіздік» ұғымы азаматтардың «жеке қауіпсіздігін» де қамтиды. Бұл тұрғыда қоғамдық және жеке қауіпсіздік категориялары бір-бірімен тығыз байланысты әрі өзара үйлескені соншалық, заң шығарушы оларды жеке-жеке анықтамалар арқылы бөлудің ешқандай қажеттілігін көрмеген.

Қауіпсіздік анықтамасы заңнамада «қорғалу» ұғымы арқылы баяндалғандықтан, қауіпсіздік тұжырымдамасының теориялық ережелерін талдауда осы негізге сүйену орынды деп есептейміз. Қорғалу ұғымы уәкілетті органдардың қорғалатын құндылықтар мен игіліктерді қорғауға бағытталған қызметімен тығыз байланысты. Бұл уәкілетті органдардың қызметі қолданыстағы құқық нормаларымен, негізінен әкімшілік құқық нормаларымен мұқият реттелген.

Қауіпсіздік теориясында әкімшілік құқықтың маңыздылығын атап өткен ғалымдардың пікірлерімен толық келісеміз. Әкімшілік құқық басқару құқығы ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін субъектілердің атқарушылық-бұйрықтық қызметін реттейді. Дәл осы әкімшілік құқық негізінде қазіргі қоғамның түрлі салаларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету режимдерін реттейтін жеке әкімшілік-құқықтық институттарды қалыптастыру үшін құқықтық алғышарттар жасалады [2, 5].

Әкімшілік құқықтың қоғамдық қатынастарының әртүрлі салаларында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нормалары дербес құқықтық институттарды қалыптастырады. Мысалы, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе көші-қон саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қоғамдық игіліктерді қорғауда, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде негізгі мамандандырылған субъект болып табылады [3].

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің құрылымы түбегейлі оңтайландырылды. Ішкі істер министрлігінің құрылымындағы бөлімшелер бейіндік емес, яғни оларға тән емес функциялардан арылып, қайта ұйымдастырылды. Қазірге кезде қызметкерлердің негізгі бөлігі қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау ісімен тікелей айналысатын бөлімшелерде шоғырланған [4, 125].

Ішкі істер органдарының қызметін шартты түрде екі санатқа бөлуге болады: құқық қорғау және басқарушылық. Біріншісі құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен байланысты. Екіншісі, мәжбүрлеу элементтерін қамтымағанымен, құқық қорғау бағытына ие және профилактикалық қызметке бағытталған. Екі қызмет те мемлекеттік-билік сипатымен ерекшеленеді және бағынышты емес субъектілерге қатысты жүзеге асырылады. Осылайша, мұндай қызметті атқарушы билік органдарының басқарушылық қызметінің әкімшілік-құқықтық формаларына толық жатқызуға болады.

Полицияның әкімшілік қызметі әртүрлі қоғамдық қатынастарды қамтиды. Б.В. Россинский ұсынған анықтамаға сәйкес, полицияның әкімшілік қызметі осы органның ең маңызды қызмет бағыттарының бірі болып табылады. Ғалымның пікірінше, әкімшілік қызметтің мазмұны азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруы үшін жағдай жасауды, ұйымдардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуді; төлқұжаттық жүйе, қоғамдық тәртіп, жол жүрісі ережелерін сақтауын бақылау мен қадағалауды; құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесуді; азаматтарды тіркеу есебін жүргізуді; күзет қызметімен айналысуға, қару-жарақты сатып алу, сақтау және сатуға лицензия беруді; әкімшілік бақылауды жүзеге асыруды; шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың ел аумағында болу ережелерін сақтауын бақылауды және басқа да қызмет түрлерін қамтиды [5, 27].

Бұл анықтама ауқымды болғанымен, полицияның әкімшілік қызметінің саналуандығын нақты көрсетеді. Алайда, онда оның негізгі сипаттамалары толық ашылмаған. Дегенмен, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды құрал болып қала береді және қазіргі заманғы сын-қатерлерге барабар әрекет ету үшін үнемі жетілдіруді талап етеді.

Полицияның әкімшілік қызметі ішкі істер органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды жұмысының негізі болып табылады. Бұл қызметке жеке тұлғаны, қоғамды, мемлекетті құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау; құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды анықтау; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазаларды орындау; қоғамдық орындарда

құқықтық тәртіп пен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және басқа да міндеттер кіреді [6, 82].

Әкімшілік қызметті жүзеге асыру барысында полиция қызметкерлері халықпен кеңінен әрекеттеседі және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған заңмен бекітілген шараларды қолдануға мәжбүр болады. Сондықтан ішкі істер органдарының бұл саласы көбінесе қоғам тарапынан сынға ұшырайды.

Қазіргі уақытта қазақстандық полиция қызметін жаңғырту бағыттарын айқындау кезінде азаматтық қоғам институттары маңызды рөл атқарды. Олар реформалау жобасын талқылау үшін кең ауқымды пікірталас ұйымдастырды. Бұл талқылау барысында ерекше ұсыныстар айтылды. Мәселен, сервистік модельді қалыптастыру үшін белсенділер Ішкі істер министрлігінің басшысын азаматтық тұлғадан тағайындауды ұсынылды. Бұл тұлға ведомствоның саясатын анықтауы тиіс, ал жедел жұмыстарға полиция жүйесінен шыққан тұлға жауапты болуы қажет. Мұндай бөлініс, белсенділердің пікірінше, полицияның саяси мақсатта пайдаланылуына жол бермес еді, мысалы, митингілерді тарату кезінде. Қоғам белсенділері сондай-ақ толыққанды жергілікті полицияны дамыту және оның жұмысына мәслихаттардың ықпалын арттыруды ұсынды. Мәселен, мәслихаттарға жергілікті полицияның кез келген қызметкерін тәртіп бұзушылықтар негізінде жұмыстан босату туралы мәселені екі үшінші дауыс беру арқылы көтеру құқығы берілуі керек деп есептеді. Сарапшылардың пікірінше, осындай бағдарламаларды іске асыруға мәслихаттың қанағаттанарлықсыз бағасы жергілікті полиция басшысын жұмыстан босату туралы мәселені қоюға алып келуі тиіс. Сондай-ақ, полицияны екі кезеңмен демилитаризациялау туралы ұсыныс жасалды. Бірінші кезеңде – униформаны тек патрульдер үшін қалдыру, оларды тану үшін қажет деп есептелді. Екінші кезеңде – Ішкі істер министрлігі аппаратын азаматтық мемлекеттік қызметшілерден қалыптастыру ұсынылды [7, 52].

Жоғарыда аталған ұсыныстардың барлығымен келісеміз деп айта алмаймыз. Дегенмен, қоғамның талқылауға белсенді қатысуы және өз пікірін білдіруі маңызды. Өйткені, қоғам полицияны реформалауға мүдделі субъект болып табылады, себебі оның жұмысының тиімділігі әрбір азаматтың әл-ауқаты мен қауіпсіздік сезіміне тікелей әсер етеді. Қоғамдық қауіпсіздік – бұл абстрактілі теориялық құрылым емес, полиция қызметінің арқасында қамтамасыз етілетін нақты игілік.

Осы тұрғыда 2024-2028 жылдарға арналған «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің тұжырымдамасы» ерекше маңызға ие. Бұл құжат қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде барлық субъектілердің ортақ жауапкершілігі мен сындарлы әріптестігіне негізделген тәсілді ұсынады. Тұжырымдама азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, полиция мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың сервистік моделін қалыптастыруға бағытталған [8]. Бұл тәсіл құқық үстемдігін нығайтуға және қауіпсіз қоғам құруға негіз болады.

Тұжырымдама елдің құқық қорғау жүйесін жетілдіруге және азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған стратегиялық құжат болып табылады. Тұжырымдамада қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және полиция қызметінің тиімділігін арттыру мақсаттары нақты көрсетілген. Қоғамдық қауіпсіздікке қатысты мақсатты индикаторлар мен күтілетін нәтижелер тұжырымдаманың негізгі бөлігін құрайды. Бұл құжаттың негізгі ерекшелігі – қоғаммен сындарлы әріптестік орнатып, құқық бұзушылық профилактикасының кешенді жүйесін қалыптастыруға басымдық беруінде. Азаматтардың қауіпсіздік сезімін нығайту, полицияның ашықтығын арттыру және халықаралық рейтингтерде Қазақстанның орнын жақсарту сияқты нақты мақсаттар белгіленіп, еліміздегі қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін ғылыми тұрғыдан талдау мен алдын алу шараларын жетілдіру қажеттілігі ерекше маңызға ие. Қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтап, олардың ықтимал салдарын болдырмау тек қана мемлекеттік органдардың тиімді әрекет етуімен мүмкін болады. Жаңа қауіптердің пайда болуы, әсіресе, мемлекетаралық

қарулы қақтығыстардың әсері, құқық қорғау органдарының стратегиясы мен тактикасын қайта қарауды талап етеді.

Қоғамдық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай мемлекеттік тұжырымдама қалыптастыру бұл міндетті орындаудың маңызды қадамы болып табылады. Мұндай тұжырымдама жаңа қауіп-қатерлерді, олардың динамикасын және қоғамға әсерін жан-жақты зерттеуді негізге алып құрылуы тиіс. Қауіпсіздік құрылымдарының әрекеттерін кешенді жоспарлау мен үйлестіру, сондай-ақ халықпен тығыз ынтымақтастық орнату қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты шарттары ретінде қарастырылады.

Осылайша, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығының негізі ретінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі тек қана алдын алу шараларын жетілдіру арқылы шешіледі. Бұл құқық қорғау органдарының тиімді жұмысын, жаңа технологияларды қолдануды және заманауи қауіп-қатерлерге дер кезінде әрекет етуді талап етеді. Қоғамдық қауіпсіздік – бұл тек теориялық ұғым ғана емес, ол әр азаматтың өмір сүру сапасын анықтайтын нақты игілік болып табылады.

Әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV ҚРЗ «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>.
2. Агабалаев М.И. Административно-правовой режим обеспечения общественной безопасности. – М.: Изд-во Российской таможенной академии, 2012. – 190 с.
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>.
4. Дарменов А.Д. Деятельность дорожно-патрульной полиции по предупреждению и пресечению преступлений в сфере незаконного оборота наркотических средств // Управление деятельностью по обеспечению безопасности дорожного движения (состояние, проблемы, пути совершенствования): сб-к трудов конф. – Орёл: Орловский юридический институт МВД РФ им. В.В. Лукьянова, 2017. – С. 125-128.
5. Россинский Б.В. Административное право. Словарь-справочник. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2000. – 271 с.
6. Труфанов М.Е. Проблемы обобщения понятийного ресурса в определении административной деятельности полиции // Общество и право. – 2022. – № 1. – С. 80-84.
7. Мусабекова Н.М., Тузельбаев Н.О., Баданина М.А. Совершенствование системы управления административной полицией в Республике Казахстан // Вестник Карагандинской академии МВД РК имени Б. Бейсенова. – 2022. – №1 (75). – С. 49-54.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы» Қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233#z76>.

## БҮЙРЕК ҮСТІ БЕЗІНІҢ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯСЫ

*Қанат Балым Қанатқызы*

*Научный руководитель: Абильмажинова Гузаль Дуйсенбековна*

### Кіріспе

Ірі эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша екіншілік артериялық гипертония (АГ) барлық артериялық гипертонияның өсу себептерінің құрылымында 20% -ға дейінгі көрсеткішті құрайды. Қан қысымы, оның 15-25% - ы бүйрек үсті безінің АГ-на тиесілі. Бүйрек үсті безінің аурулары ауыр және терапияға төзімді болып келеді, көбінесе 30-50 жас аралығында дамиды. Әкелетін асқынулар нәтижесі, яғни, мүгедектік, көбінесе науқастардың өлімі, еңбек қабілетінің төмендеуінің әлеуметтік-экономикалық маңызы бар.

Бүйрек үсті безінің зақымдануын уақтылы анықтау көптеген факторларға байланысты. Ең алдымен, бұл терапевтер мен жалпы тәжірибелік дәрігерлерінің аурудың клиникалық көрінісін, оның ішінде атиптік көрінісінің ерекшеліктерін білуі және бүйрек үсті безі ауруларының түрлеріне дифференциалды-диагностика жасауы маңызды. Тек ірі және жақсы жабдықталған орталықтарда ғана жан-жақты дифференциалды-диагностика жүргізуді жүзеге асыруға болады, өйткені олардың көпшілігін анықтау үшін бүйрек үсті безінің АГ формалары кең спектрлі зерттеуді қажет етеді.

Бүйрек үсті безінің АГ -ның ең көп тараған себептері: 1) Бастапқы гиперальдостеронизм, 2) хромоффин тінінің ісіктері-феохромцитома, феохромобластома, параганглиомаға, 3) эндогендік гиперкортицизм синдромы-Иценко-Кушинг ауруы, АКТГ-эктопиялық синдромы.

Қазіргі уақытта кейбір мәселелер толық шешілмеген немесе талқыланбаған күйінде қалып отыр: Мысалы, бүйрек үсті безінің АГ-ның әртүрлі клиникалық-морфологиялық формаларын диагностикалау, диагностиканың аспаптық әдістерінің мүмкіндіктері, сондай-ақ операциядан кейінгі және хирургиялық емдеудің тиімділігін бағалау.

АГ-патологияның ең көп таралған түрлерінің бірі. Оның жалпы популяциядағы жиілігі шамамен 15%-ды құрайтыны анықталды, ал егер шекаралық АГ-сы бар адамдар санына қосылса, жоғары қан қысымы (АД) бар планета халқының үлесі 25% - ға дейін артады. АГ-ның кең таралуы аурулардың бұл тобы белсенді жас топтарының еңбекке жарамсыздығының, мүгедектіктің және халықтың өлімінің жетекші себептерінің бірі болып табылатындығын анықтайды АГ екі үлкен топқа бөлінеді: гипертониялық ауру және симптоматикалық АГ. Симптоматикалық АГ-ның ең көп тараған себептері-бүйрек тамырларының аурулары және бүйрек үсті безінің ісіктері.

Бүйрек артерияларының зақымдануынан бүйрек ишемиясы пайда болады, нәтижесіндереноваскулярлық гипертензия қатерлі түрде, систолалық және диастолалық қысымның жоғары көрсеткіштері аясында жүреді, консервативті терапияға нашар жауап береді, коронарлық және цереброваскулярлық қан айналымының бұзылуымен, бүйрек функциясының жеткіліксіздігімен бірге жүреді және науқастың мүгедектігі мен өліміне тез әкеледі (Петровский Б.В. және бірлескен автор., 1987). Бүйрек үсті безінің аденомасы бар науқастардың көпшілігінде АГ бар (Арабидзе г.г., Белоусов Ю. Б., Карпов Ю. А., 1999). Жер шары халқының 25% - на дейін АГ зардап шегеді. АГ бар науқастарда бастапқы гиперальдостеронизмнің (ПГА) таралуы барлық АГ-ның 17% және қайталама АГ-ның 35% құрайды (Чахладзе Н.м., Чазова И.Е., 2006).

### Клиникалық бақылау



Науқас А. 34 жаста, әйел, аздаған физикалық жүктеме кезіндегі кеудесіндегі батып ауырсыну, ұзақтығы 20 минуттан асатын, ендікпе, ауа жеткіліксіздігі, суық тердің басу шағымдарымен ПОКО-ның өабылдау бөліміне жедел жәрдеммен жеткізілді.

Ауру тарихы; ЖҚТ ауруларын жоққа шығарады. Осы аталған шағымдар 29.10.2024ж. сағат 03;30-да басталған. Өздігінен ем қабылдамаған. Ауырсырудың үдеуіне байланысты сағат 04;44-те жедел жәрдем көмегін шақырады. Алғашқы медициналық көмек сағат 04;59. Сағат 05;01-де ЭКГ түсіріледі. ЭКГ; синустық брадикардия, 50 соққы минутына. ЭОС ауытқуы қалыпты. Науқаста жедел коронарлық жеткіліксіздік, ST сегментінің көтерілуінсіз деп бағаланып, сағат 05;40-та ПОКО-ның қабылдау бөліміне тасымалданады.

Алғашқы медициналық көмек: ацетилсалицил қышқылы 250 мг, кворекс 300 мг, арикстра 2,5 мг т/а. Атропин 0,1 т/а.

Науқастың шағымдары, қауіп қатер факторлары, ЭКГ көрсетіштері және тропониннің оң нәтижесін ескеріп науқасты жедел КАГ өткізу мақсатында операциялық РЭВХ –ға жіберілді.

Өмір тарихы: Жыныстық жолмен берілетін аурулар, туберкулез, АИТВ жоққа шығарылды.

Қосалқы аурулар: жоққа шығарады.

Операция: Кесар тілігі 3 рет. Босанғаннан кейінгі созылмалы геммораидальды ауру.

Жаман әдеттер: жоққа шығарады.

Аллергиялық тарихы: жоққа шығарады.

Қабылдау кезіндегі физикалық тексеру нәтижелері: жағдайы орташа ауырлық дәрежеде. Санасы айқын. Тері жабындысы бозарған, эластикалық қабілеті сақталған. Перифериялық ісіну белгілері жоқ. Тыныс алу біркелкі. ТАЖ -17 рет минутына. Аускультация кезінде тыныс алу везикулярлы тыныс. Ысқырықты дыбыс естілмейді. Жүректің шекаралары солға қарай кеңейеді. Жүрек тондары үнсіз, ырғақты. Жүрек шуы естілмейді. АҚҚ 140/90 мм.сын.бағ. жүрек соғу жиілігі 55 рет минутына. Іш симметриялы, жұмсақ, ауырсынусыз. Бауыр көлемі ұлғаймаған, пальпацияланбайды. Зәр шығару еркін, ерікті.

КАГ нәтижесі: тамырлар контуры біркелкі, өтімді. Ұсынылған: консерватиті ем.

Эхокардиография нәтижесі: СҚЛК-62%. Экстрасистолия. Жүрек камералары ұлғаймаған. СҚ-ның систолалық және диастолалық қызметі қанағаттанарлық. СҚ миокардының гипертрофиясы. Аорталды регургитация 1 дәреже. Митралды, үш жармалы қақпақша регургитациясы, өкпелік регургитация 1 дәреже.

Холтерлік мониторинг ЭКГ; БРҒАҚ - СИНУСТЫ ТІРКЕЛГЕН. КІДІРІСТЕР ТІРКЕЛМЕГЕН. ST СЕГМЕНТІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ИШЕМИЯ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ.

Кеуде қуысының рентген көрінісі; Созылмалы бронхит белгілері. Жүрек шекараларының солға кеңеюі.

Қанның зертханалық нәтижелері:

- Қан сарысуындағы тропонин - 0.33 нг / мл ;
- Биохимиялық қан анализы: анализатордағы Реберг сынамасы - 88 мл/мин; АЛаТ-45.2 ХБ / л; АСаТ-87.6 ХБ/л ; қан сарысуындағы глюкоза-7.8 ммоль / л; қандағы креатинин-76 мкмоль / л ; Калий (к) - 1,70 мкмоль/л; Натрий (Na+) - 140 мкмоль / л
- Коагулограмма: АЧТВ-25.2 сек; фибриноген-2.7 г / л ; ПВ анализатор-14.5 сек; ПТИ анализатор - 92.7 % ; (МНО) - 1.07 ;
- Жалпы қан анализі: ЭТЖ-34 мм / сағ; қандағы таяқша ядролы нейтрофилдер - 2 % ; қандағы сегментті ядролық нейтрофилдер - 71 % ; қандағы эозинофилдер - 1 % ; қандағы моноциттер - 6 % ; қандағы лимфоциттер-20 % ; қандағы лейкоциттер-7.7 / л; қандағы эритроциттер (RBC) - 4.4 / л; қандағы гемоглобин (HGB) - 97 г / л; қандағы гематокрит (HCT) - 31 % ; қандағы тромбоциттер (PLT) - 290 / л

- Ферритин - 32,5 ng / ml; суv.темір Fe + НЖСС) - 61.85
  - С-реактивті белок-71.77 мг / л ;
  - Прокальцитонин-0,05 ng / ml.
  - Интерлейкин 6-7.14 pg / ml
  - Т4- 12.78 pmol / L; Т3 бос - 1.51 pmol/L ; ТТГ(қалқанша безді ынталандыратын гормон)-1.712 мкМЕ / мл
  - Ревматоидты фактор - 11.95 ХБ/мл
  - Антистрептолизин-О - 272.3 ХБ/мл
  - Бактериальды микроорганизмдер табылған жоқ
- Қосымша инструментальды зерттеу нәтижелері;

Іш қуыс ағзаларына КТ -сол жақ бүйрек үсті безінде айқын контурлары бар, тығыздығы-7едН, мөлшері-2,5\*2,5 см ; т - гормондар 31.10.24-ТТГ-1,712, ст Т3-1,51, ст Т4-12,78; гликолизденген гемоглобин-5,92% (4,8-5,9) нәтижелерін ескере отырып ,эндокринологтың консультациясы жүргізілді. Диагноз қойылған: бүйрек үсті безінің аденомасы. Альдостерома? Глюкоза толлерантылығы бұзылысы (HgA1c-5.92%) ? Дифф.түйінді зоб. Эутиреоз . Созылмалы аутоиммунды қалқанша безі ? Емдік ұсыныстар берілді.

Емдеу.

Науқастың жалпы қан анализ қонытындысын ескере отырып, науқастың шағымдарымен гематологпен кеңесу жүргізілді. Орташа ауырлықтағы темір тапшылығы анемиясы диагнозы қойылды. Реанимациялық бөлімде қан құю емшарасы жүргізілді.

Науқастағы электролиттік өзгерістерге байланысты Калий + 1,7 ммоль/л , гипокалиемияға коррекция жүргізілді.

Сонымен қатар науқас басқада мамандармен кеңес жүргізді (нефролог, пульмонолог, инфекционист, акушер-гинеколог), олардың профилі бойынша патологиялар алынып тасталды.

Науқастатың инструментальды және зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша Жүректің ишемиялық ауруы диагнозы алынып тасталды.

• Науқасқа ;Эндокринді бұзылу генезімен екіншілік артериалдық гипертензия 3 дәреже ,қауіп 3 .

- Альдостерон индукцияланған бүйрек үсті безінің аденомасы. (Альдостерома )
- Темір жеткіліксіздігі анемиясы ,ауыр дәрежесі.
- Глюкоза толеранттылығы бұзылысы ( HgA1c-5.92%) .
- Созылмалы аутоиммунды тиреоидит , түйінді формасы.Эутироз.диагнозы қойылды.

Науқас стационарлық дәрежеде симптоматикалық ем алды.Жағдай қанағаттанарлық жағдайда ауруханадан шығарылд.Науқасқа тұрқылықты мекенжай бойынша гематолог пен эндокринологтық бақылауында болу, сонымен қатар жоспарлы түрде бүйрек үсті безі аденоэктомиа операциясын жүргізуге кеңес берілді.

Талқылау

Хирургияда соңғы екі онжылдықта бүйрек үсті безінің ісіктеріне қызығушылық айтарлықтай өсті . Бұл жергілікті диагностикалық әдістердің жетілдірілуіне және аз инвазивті хирургияның қарқынды дамуына байланысты бүйрек үсті бездерінің ауруларын анықтау жиілігінің айтарлықтай артуына байланысты . Қазіргі уақытта бүйрек үсті бездерінің 50-ге жуық оперативті тәсілдері әзірленіп, тәжірибеде қолданылуда . Дәстүрлі хирургиялық араласулар кезінде бүйрек үсті бездерін анықтау және жоюда олардың ретроперитонеальды кеңістіктегі топографиялық-анатомиялық орналасуының ерекшеліктеріне байланысты әлі де айтарлықтай қиындықтар бар . Бұл жағдай көбінесе операция ішілік және операциядан кейінгі асқынулардың дамуына ықпал етеді . Бүйрек үсті безінің ауруларына арналған арнайы әдебиеттерде бүйрек үсті безінің екі жақты ісіктері үшін хирургиялық әдісті таңдау бойынша

ақылға қонымды ұсыныстар таппадық. Бүйрек үсті безінің ісіктері бар науқастарды емдеуде оңтайлы операциялық тәсілді таңдау мәселесі ашық күйінде қалып отыр .

Зерттеушілер хирургиялық араласу гипертониямен бірге жүретін бүйрек үсті безінің ауруларын емдеудің негізгі әдісі болып табылады, бұл көп жағдайда операциядан кейінгі жақын және алыс кезеңде клиникалық қалпына келтіруге мүмкіндік береді .

Адреналэктомия операциядан кейінгі асқынулардың айтарлықтай санымен бірге жүруі мүмкін өте жоғары күрделілік санатындағы операция ретінде жіктеледі. Сонымен қатар, хирургиялық әдісті таңдау көбінесе интраоперациялық асқынулардың даму ықтималдығын анықтайды .

Соңғы онжылдықтарда адекватты патогенетикалық консервативті терапиямен және гипертонияны түзетудің хирургиялық әдістерімен қатар, қан қысымын тиімді төмендетуге және пациенттердің сәтті оңалтуына қол жеткізуге мүмкіндік беретін емдеудің ең тиімді әдістері интервенциялық араласулар болып табылады.

Медициналық араласудан кейін кейбір емделушілерде гипотензиялық әсердің тұрақсыздығы ем алдында организмнің, негізінен бүйректің функционалдық резервтік мүмкіндіктерін барабар бағалаудың болмауымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан емге дейін және емдеуден кейін жүргізілетін бүйрек аурулары кезіндегі гипертонияның дамуының негізінде жатқан қан қысымының жоғарылау механизмдерін анықтай отырып, бұзылған гемодинамикаға баға берудің ғылыми және практикалық маңызы зор (Абоян И.А., 1999, Хамзабаев Ж.Х., 2006).

Қазіргі уақытта инцидентомалары бар науқастарда бүйрек үсті безінің стероидогенезінің бұзылыстары жеткілікті түрде зерттелмеген. Бірқатар авторлар кездейсоқ ашылған ісіктердің VHKN бар науқастарда жиі кездесетінін және олардың дамуына ферменттік бұзылулар ықпал ететінін атап өтеді . Инциденттерді хирургиялық емдеу көрсеткіштері негізінен бүйрек үсті безінің стероидогенезі бұзылған науқастарда табылған көрсеткіштерге байланысты .

Осыған байланысты VHKN және субклиникалық СИК жойылған нысандары үшін қосымша биохимиялық критерийлерді әзірлеу өзекті болып көрінеді. Бұл науқастарды емдеу тактикасын таңдау үшін 11β-гидроксилаза тапшылығының қосымша маркерлерін іздеу ерекше өзекті болып табылады. Иммуноферменттік және радиоиммунологиялық талдау әдістері бүйрек үсті безінің қыртысы ауруларының субклиникалық нысандарын диагностикалау үшін қажетті биологиялық материалдың бір үлгісіндегі әртүрлі кортикостероидтардың мазмұнын бір мезгілде талдауға мүмкіндік бермейді. Функционалдық сынақтар жалған-оң және жалған-теріс нәтижелер бере алады.

Соңғы уақытта қалыпты және патологиялық жағдайларда күрделі биологиялық үлгілерді мультифакторлық талдаудың маңыздылығы және оның геномдық деңгейде болатын бұзылыстармен байланысы ерекше атап өтілді . Осыған байланысты, талдаудың хроматографиялық әдістері ерекше маңызға ие, бұл жеке компоненттердің сапалық және сандық талдауымен қатар, қан мен зәрдің стероидты профилдерін алуға мүмкіндік береді, олар қан мен зәрдің стероидты профилін алуға мүмкіндік береді. стероидты гормондардың синтезі мен метаболизмінің бұзылуы .

Адам денсаулығының жалпы жағдайын жылдам бағалау үшін анықталған қосылыстардың бүкіл профилін бағалаумен шолу немесе скринингтік хроматограммаларды алу әдістері әзірленуде . Сөзсіз ғылыми және практикалық қызығушылық жеке кортикостероидтардың сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау және олардың дифференциалды диагностикалық маңыздылығын бағалау әдістерін жасау болып табылады. Бұл сұрақтарды шешу диагностиканы жақсарту және бүйрек үсті безінің қыртысының аурулары бар науқастарға барабар терапияны дамыту үшін қажет.

#### Қорытынды

1. Стероидты профилдерді анықтаудың қазіргі қолданыстағы клиникалық және зертханалық технологиялары гипофиз-бүйрек үсті бездері жүйесі ауруларының субклиникалық нысандарын диагностикалауға бейімделмеген.

2. Зертханалық әдістерді таңдаудың нақты критерийлері, зерттелетін параметрлердің диагностикалық маңыздылығы туралы ақпарат және бүйрек үсті безінің стероидогенезінің бұзылуын бағалау үшін олар үшін анықтамалық мәндер жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер;

1. Бритвин Т.А. Первичные опухоли надпочечников: оценка клиноморфологических и биохимических критериев диагностики и факторов прогноза: Дис...

2. Брехуненко Т.Ф. Магнитнорезонансная томография в диагностике разных форм гиперкортицизма: Автореф. дис... канд. мед. науч. – М., 1998. – 28 с.

3. Бондаренко В.А. Эхотомография и телетермография и компьютерная томография в комплексной диагностике хирургических заболеваний надпочечников: Автореф. дис... канд. мед. науч. – М., 1989. – 20 с.

4. Великанова Л.И. Информативность лабораторных технологий в формировании алгоритмов диагностики заболеваний коры надпочечников: Дис... дра биол. науч. – СПб., 2005. – 288 с.

5. Даутов Т.Б. Роль интервенционной радиологии в диагностике и комплексном лечении артериальной гипертензии: Дис... дра мед.

6. Диагностика и хирургическое лечение артериальных гипертензий надпочечникового генеза / П.С. Ветшев, Ф.С. Шкроб, Л.И. Ипполитов [и др.]// Хирургия. – 2001. – № 1. – С. 3340.

7. Ильенко М.В. Диагностика и хирургическое лечение артериальной гипертензии надпочечникового генеза: Дис... канд. мед. науч. – Бишкек, 2007. – 131 с.

8. Ипполитов Л.И. Гормональноактивные опухоли надпочечников, протекающие с синдромом эндокринной гипертонии (клиника, диагностика, лечение): Дис... канд. мед. науч. – М., 1995. – 146 с.

9. Курьянов Д.П. Оптимизация лучевых методов исследования в диагностике патологии надпочечников: Дис... канд. мед. науч. – Казань, 2009. – 93 с.

10. Комплексная лучевая диагностика аденом надпочечников: Методические рекомендации / Сост.: А.П. Калинин, Г.И. Колпинский, Т.Н. Евменова [и др.]. – М.: МОНИКИ, 2000. – 23 с.

11. Казарян АМ Сравнительная оценка лапароскопического и традиционного доступа при гормональноактивных пухлинах надпочечников: Автореф. дис... канд. мед. науч. – М., 2003. – 24 с.

12. Москвичев П.В. Хирургические аспекты симптоматической артериальной гипертензии надпочечникового генеза: Дис... канд. мед. науч. – М., 2005. – 124 с.

13. Махортова Г.Г. Выбор оперативного доступа и результатов хирургического лечения больных с опухолями надпочечников: Дис... канд. мед. науч. – Воронеж, 2007. – 185 с.

## ТРЕБОВАНИЯ К СОСТАВУ МЯСНЫХ ПРОДУКТОВ ДЛЯ ЛЕЧЕБНОГО ПИТАНИЯ

*Жубанов Д.Е.,*

*Казахский университет технологии и бизнеса им. К.Кулажанова, магистрант 2 курса,  
г. Астана, Казахстан*

*Тултабаев М.Ч., д.т.н., профессор ВАК,*

*Казахский университет технологии и бизнеса им. К.Кулажанова  
г. Астана, Казахстан*

### АННОТАЦИЯ

В статье представлены основные требования к составу мясных продуктов, используемых для лечебного питания. Рассмотрены особенности состава, влияющие на адаптацию мясных изделий для различных категорий пациентов — пожилых людей, людей с хроническими заболеваниями, нарушениями метаболизма и проблемами пищеварения. Обоснованы требования к белковому и жировому составу, снижению содержания соли и добавлению витаминов и минералов. Особое внимание уделено вопросам безопасности и улучшению усвояемости таких продуктов, что позволяет расширить их применение в диетическом и лечебном питании.

Лечебное питание — важная составляющая терапии и профилактики множества заболеваний, особенно хронических. При разработке продуктов для лечебного питания учитываются особые потребности пациентов, связанные с возрастом, состоянием здоровья и метаболическими особенностями. Мясные продукты, содержащие полноценные белки и ряд незаменимых аминокислот, могут служить отличным источником важных нутриентов, однако их состав должен соответствовать строгим требованиям, чтобы избежать вредного воздействия на здоровье пациента и улучшить усвояемость продукта. [1]

Особенности состава мясных продуктов для лечебного питания включают контроль за содержанием белков, жиров, углеводов, витаминов и минералов, которые могут потребоваться в повышенных количествах или, напротив, быть ограничены. Разработка мясных продуктов для лечебного питания требует применения современных технологий, направленных на снижение содержания вредных веществ, таких как соли и насыщенные жиры, а также добавления функциональных компонентов, улучшающих пищевую ценность и биоусвояемость.

Целью данной статьи является анализ основных требований к составу мясных продуктов для лечебного питания и рекомендации по их составу с учётом потребностей различных категорий пациентов.

Основные требования к составу мясных продуктов для лечебного питания

1. Сбалансированный аминокислотный состав. Мясные продукты должны содержать полный спектр незаменимых аминокислот, необходимых для регенерации тканей, поддержания мышечной массы и синтеза белков. Особое внимание уделяется:

- Высокому содержанию лейцина, способствующего мышечному восстановлению.
- Оптимальному соотношению метионина и цистеина для поддержания функций печени и антиоксидантной защиты.

2. Снижение содержания жиров. Для пациентов с сердечно-сосудистыми заболеваниями и ожирением требуется:

- Минимизировать содержание насыщенных жиров.

- Обогащение продукта омега-3 жирными кислотами, способствующими снижению воспалительных процессов.

- Использование растительных масел вместо животных жиров.

3. Контроль содержания натрия. Избыточное содержание соли связано с повышенным риском гипертонии и задержки жидкости. Рекомендуется:

- Использование солезаменителей (например, хлорид калия).

- Добавление природных ароматизаторов (чеснока, специй) для компенсации вкуса.

4. Обогащение пищевыми волокнами. Для улучшения работы кишечника и снижения уровня холестерина рекомендуется включение:

- Растительных волокон (пшеничные отруби, инулин).

- Пребиотиков, стимулирующих рост полезной микрофлоры.

5. Повышение содержания микронутриентов. Мясные продукты для лечебного питания должны быть источником:

- Железа и цинка для поддержания иммунной функции и профилактики анемии.

- Витаминов группы В (В12, В6) для регуляции обменных процессов.

- Витамина D для поддержания здоровья костей и иммунитета.

Современные технологические подходы к разработке. [2]

1. Использование биотехнологий. Ферментация сырья с использованием пробиотических культур улучшает усвояемость и микробиологическую безопасность продуктов. Примеры: продукты на основе ферментированного мяса с повышенным содержанием биоактивных пептидов.

2. Инкапсуляция микронутриентов. Технологии микрокапсулирования позволяют стабилизировать витамины, минералы и жирные кислоты, предотвращая их разрушение при термической обработке.

3. Применение инновационных текстуризаторов. Для сохранения сочности и текстуры при низком содержании жира используются гидроколлоиды, такие как каррагинан, агар или гуаровая камедь. [3]

Пример продукта: разработан мясной паштет для пациентов с анемией:

Состав: нежирная говядина, куриная печень, пшеничные отруби, обогащённые железом и цинком.

Технология: ферментация для повышения усвояемости и сохранения биоактивных компонентов.

Результат: высокое содержание гемового железа (2,5 мг на 100 г) и пищевых волокон (3,5 г на 100 г).

Экспериментальные данные

Параметр	Контрольный образец	Образец с волокнами	Образец с омега-3
Содержание железа (мг/100 г)	1,2	1,8	1,8
Содержание пищевых волокон (г/100 г)	0,5	3,5	3,5
Омега-3 жирные кислоты (г/100 г)	0,1	0,1	1,0
Калорийность (ккал/100 г)	180	150	160

Расчёты питательной ценности:

Калорийность рассчитана на основе содержания белков, жиров и углеводов:

Белки:  $20 \text{ г} \times 4 \text{ ккал} = 80 \text{ ккал}$ .

Жиры:  $10 \text{ г} \times 9 \text{ ккал} = 90 \text{ ккал}$ .

Углеводы:  $2 \text{ г} \times 4 \text{ ккал} = 8 \text{ ккал}$ .

Общая калорийность:  $80 + 90 + 8 = 178 \text{ ккал}$  (округлено до 180).

Содержание омега-3 жирных кислот добавлено через инкапсулированное льняное масло в пропорции 1 г на 100 г продукта.

Выводы:

Создание мясных продуктов для лечебного питания требует комплексного подхода, включающего разработку сбалансированных рецептов, применение инновационных технологий и соблюдение строгих стандартов качества.

Обогащение продуктов омега-3 жирными кислотами, пищевыми волокнами и микронутриентами, а также снижение содержания натрия и жиров, позволяет адаптировать их к потребностям пациентов с различными заболеваниями. Такие продукты обеспечивают широкий спектр пользы, включая профилактику сердечно-сосудистых заболеваний, улучшение работы кишечника и повышение уровня железа в крови, что особенно важно для пациентов с анемией и хроническими заболеваниями. [4]

Инновационные технологии, такие как ферментация, инкапсуляция микронутриентов и использование гидроколлоидов, открывают новые возможности для создания продуктов с улучшенными свойствами. Эти технологии помогают сохранить питательные вещества, улучшить органолептические характеристики и повысить биодоступность ключевых компонентов. Кроме того, использование экологически чистых методов обработки снижает воздействие на окружающую среду.

Таким образом, интеграция современных научных достижений в процесс разработки мясных продуктов для лечебного питания способствует улучшению качества жизни пациентов и удовлетворению их особых потребностей. Однако требуется дальнейшая стандартизация методов оценки эффективности таких продуктов и их влияние на здоровье. [5]

### Список литературы

1. Воробьев, В.П. Основы нутрициологии. — М.: Медицина, 2016. — 450 с.
2. Гаврилов, П.С. Питание и здоровье: современные аспекты. — СПб.: Питер, 2018. — 300 с.
3. Колесникова, Л.И. Основы здорового питания и диетологии. — М.: Высшая школа, 2019. — 360 с.
4. Павлова, Е.А. Биологически активные вещества и их роль в питании человека. — М.: Юрайт, 2020. — 275 с.
5. Жуков, Н.А. Пищевые добавки и здоровье. — М.: Просвещение, 2015. — 245 с.

## USING DIGITAL ONLINE TOOLS TO IMPROVE GRAMMAR AND STRUCTURE IN ACADEMIC WRITING

*Amina Amantay*

*Master's student,*

*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,*

*Almaty, Kazakhstan*

*Scientific supervisor: phd Orynbayeva U.K*

### Abstract

This study explores the effectiveness of digital tools, particularly Grammarly, in enhancing students' academic writing, focusing on improvements in grammar and structure. With the growing reliance on technology in education, it has become increasingly important to understand how such tools can support students in refining their writing skills. Many students struggle with producing well-structured and grammatically correct academic texts, and this research aims to address this challenge. It is hypothesized that the use of digital tools can lead to significant improvements in writing quality by providing real-time feedback on grammar and structure. A mixed-methods approach was used, combining pre- and post-test data with survey responses to assess the impact of the digital tool. The findings indicate that students in the experimental group, who used Grammarly, showed marked improvements in their writing skills compared to those in the control group. Additionally, a high percentage of students in the experimental group reported increased confidence in their writing, particularly regarding grammar and organization. These results suggest that digital tools can be highly effective in supporting academic writing instruction.

### INTRODUCTION

This study explores the impact of digital tools on improving academic writing skills, particularly in grammar and structure. With the ongoing development of technology in education, it is crucial to understand how these tools can assist students in enhancing their writing skills. This study specifically explores how tools like Grammarly can assist in improving grammar, clarity, and text coherence. The research is timely, as more students are facing the challenge of producing high-quality written texts, and traditional teaching methods may not always fully support them in this process. Understanding how digital tools can help students refine their writing skills is crucial for enhancing the overall quality of education.

The issue addressed in this study lies in the challenges many students face when mastering academic writing, particularly in terms of grammar and structure. Despite instructors' efforts, students often struggle to produce clear and well-structured texts. It is hypothesized that the use of digital tools like Grammarly can significantly improve the quality of their writing. This hypothesis is based on the assumption that such tools offer immediate feedback, allowing students to gradually enhance their grammar and text structure. To test this hypothesis, a mixed-method approach was used, incorporating quantitative data from pre- and post-tests and qualitative data from student surveys.

The structure of the paper is as follows: the literature review examines previous studies on the use of digital tools in teaching, especially in enhancing academic writing. The methodology section outlines the research process, detailing the tools and approach used for data analysis. The results section presents findings from the analysis of tests, writing task evaluations, and surveys, showing how students using digital tools improved their grammar and structure. In the discussion, the findings are compared with existing research, emphasizing both similarities and differences, while offering interpretations of the results. The conclusion summarizes the study, discusses its significance for teaching, and offers recommendations for future research. This study contributes to understanding the role of digital tools in education and provides practical suggestions for educators seeking to improve students' writing skills.



## LITERATURE REVIEW

### 1. *Quantitative Studies:*

Quantitative research in this area primarily focuses on objective data collection and statistical analysis to measure the effectiveness of digital tools in improving students' grammar and writing structure. One of the key advantages of quantitative studies is their ability to provide broad, generalizable findings based on large sample sizes.

For example, Vakili and Ebadi (2022) conducted a study involving a large number of EFL (English as a Foreign Language) learners, employing dynamic assessment methods to assess the development of writing skills. They used computer-mediated assessments to track progress in writing accuracy and structure, providing statistically significant evidence that digital tools like Grammarly and other grammar-checking software can effectively reduce grammatical errors in academic writing. This study used pre- and post-test assessments to evaluate students' performance, which allowed for a precise measurement of improvement over time.

